


@aqt_k_aqtobe

2024-2025



ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІНІҢ
І ЖАРТЫ ЖЫЛДЫҚ ЕСЕБІ






**“Үш-ақ нәрсе адамның қасиеті,
Ыстық қайрат, нұрлы ақыл, жылы жүрек”**

Абай Құнанбайұлы







Егемен еліміз демократия жолымен алға жүріп, әлемде өзіне лайықты орын алу үшін еңбектеніп келеді. Бүгінде жастар қоғамның қозғаушы күші ретінде озық идеялармен қаруланып, еліміздің дамып, өркендеуіне лайықты үлес қосып келеді. Болашақта ел тізгінін ұстайтын, еліміздің әлемдік деңгейдегі бәсекеге қабілетті, экономикасы дамыған, өркениет көшінен лайықты орын алатын, еліміздің қарқынды дамуына өзіндік үлес қосатын қоғамның негізгі белсенді күші жастар екені сөзсіз. Бүгінде әлемдік қоғамдастық қызығушылық танытып, ерекше мән беріп отырған түрлі құндылықтар ел ертеңінің еңселі болуында өзіндік үлес салмағын байқатуда.

Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжінің жастар ісі жөніндегі комитеті жанында 5 студенттік клубтар, 8 студенттік парламенттік фракция жұмыс атқарады.

Студенттік клубтар: “Тарлан” пікірсайыс клубы, “Шаңырақ” музыкалық жастар клубы, “Жас сарбаз” әскери-патриоттық клубы, “Саналы ұрпақ” клубы, “Сырғалым” қыздар клубы.



- 5 қызығушылық бойынша клубтар;
- 8 студенттік фракция;



ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

Жастар ісі жөніндегі комитетінде студенттер құрамына азаматтық-патриоттық және құқықтық тәрбие беру, рухани-өнегелі тәрбие беру, әлеуметтік құқықтарын қамтамасыз ету, ақпараттық-насихаттау жұмыстарын жүргізу, студенттердің білімге деген құштарлығын, әлеуметтік маңызды және жеке қасиеттері мен тұлғаның коммуникативті мәдениетін қалыптастыруға бағытталған іс-шараларды өткізу, олардың экологиялық, дене тәрбиесін беру және салауатты өмір салтын, денсаулық сақтау ортасын қалыптастыру бойынша іс-шаралар өткізу, интеллектуалдық мәдениетті арттыруға, жас дарындарды дамытуға және қолдауға бағытталған іс-шараларды өткізу жұмыстары комитеттің жұмыс жоспарына сәйкес атқарылып келеді.





АҚТӨБЕ ҚҰРЫЛЫС-ТЕХНИКАЛЫҚ КОЛЛЕДЖІНІҢ ЖАСТАР ІСІ ЖӨНІНДЕГІ КОМИТЕТІ

СТУДЕНТТІК ПАРЛАМЕНТ



ҚЫЗЫҒУШЫЛЫҚТАР БОЙЫНША КЛУБТАР



- «Тарлан» пікірсайыс клубы
- «Шаңырақ» жастар клубы
- «Жас сарбаз» әскери-патриоттық клубы
- «Саналы ұрпақ» клубы
- «Сырғалым» қыздар клубы




ФРАКЦИЯЛАР




- Құқық және тәртіп
- Ақпарат
- Спорт және салауатты өмір салты
- Өзін-өзі тану және бақыт
- Қамқорлық
- Мәдениет және өнер
- Дебат
- Экология және еңбек


КОЛЛЕДЖДЕГІ
СТУДЕНТТЕР САНЫ **589**



КОЛЛЕДЖДЕГІ **ҚЫЗ**
СТУДЕНТТЕР
САНЫ - **92**



КОЛЛЕДЖДЕГІ **ҰЛ**
СТУДЕНТТЕР
САНЫ - **497**



ҚАЛАЛЫҚ СТУДЕНТТЕР
САНЫ - 419
АУЫЛДЫҚ СТУДЕНТТЕР
САНЫ - 170


ЖАТАҚХАНАДА ТҰРАТЫН
СТУДЕНТТЕР САНЫ

6





СТУДЕНТТЕРДІҢ ВОЛОНТЕРЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ



МАҚСАТЫ

Студенттердің сана сезіміне адамгершілік, қоғамға қажеттілік, қайырымдылық сияқты адами құндылықтарды ұялату, студенттердің өмірге деген белсенді ұстанымын қалыптастыру.

ПРИНЦИПТЕРІ

Еріктілік, таңдау мүмкіндігі, өкілдік, жауапкершілік, бастамашылдық, белсенділердің ауысымдылығы;

СТУДЕНТТЕРДІҢ ДЕБАТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ



МАҚСАТЫ

Жастардың жалпы мәдени ой-өрісін кеңейту, студент жастар арасында академиялық білім деңгейін арттыру, интеллектуалды мүмкіндіктері мен шешендік өнерлерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білу, жастардың тың идеяларын жүзеге асыруға жағдай жасау.

Колледжде дебат қозғалысы бағытында «Тарлан» интеллектуалды пікірсайыс клубы жұмыс атқарады.



СТУДЕНТТЕРДІҢ “ШАҢЫРАҚ” МУЗЫКАЛЫҚ ҚОЗҒАЛЫСТАРЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

МАҚСАТЫ

Білім алушылардың бойында азаматтық белсенділік, әлеуметтік құзыреттілік, азаматтық жауапкершілік дағдыларын дамыту, әлеуметтік шығармашылыққа қабілетті, өзінің жеке басын, қоғам мен мемлекетті жетілдіру мүддесінде әрекет ете алатын жоғары мәдениетті, гуманистік бағыттағы азаматты тәрбиелеу.



СТУДЕНТТЕРДІҢ “ЖАС САРБАЗ” ӘСКЕРИ-ПАТРИОТТЫҚ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

МАҚСАТЫ

Өскелең ұрпақтың бойында жоғары патриоттық сезімдер мен адамгершілік қасиеттерді, азаматтық белсенділікті, патриотизмді, рухани—адамгершілік дамуды және Отан алдындағы жауапкершілік сезімін тәрбиелеу, салауатты өмір салтын насихаттау және әскери-қолданбалы спорт түрлерін танымал ету болып табылады.



СТУДЕНТТЕРДІҢ “СЫРҒАЛЫМ” ҚЫЗДАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

МАҚСАТЫ



Топтағы әрбір қыз баланы ибалылық сақтауға баулу, құқықтық, адамгершілік, имандылық, эстетикалық бағытпен тәбие беру.




Қыз балалардың мінез-құлқын тәрбиелеу бойынша жұмыс оларды нәзіктікке баулу, отбасындағы алатын орны, ептілік пен шеберлік қалыптастыру, сондай-ақ қыздардың сұлулық, әсемдік, жақсы қарым-қатынас сияқты ұғымдармен таныстыруға бағытталған. Гигиеналық жағынан қыз балаларға жыныстық жетілу кезеңінде өздерінде болып жатқан физиологиялық және психоэмоционалдық өзгерістерді түсіндіріп, жеткізе білу.

СТУДЕНТТЕРДІҢ “САНАЛЫ ҰРПАҚ” ЖАСТАР ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ЖҰМЫСЫ

МАҚСАТЫ

- Колледжде патриоттық және бәсекеге қабілетті жастардың өмірлік ұстанымын қалыптастыру, сыбайлас жемқорлықтан арылту.
- “Адалдық, парасаттылық” деген ұғымды түсіндіріп, пайда болу жағдайлары жайлы түсінік қалыптастыру.
- Халықтың парасаттылық белгілерін қабылдайтын бөлігін ұлғайту.




Жасөспірімдер мен жастар арасында құқықбұзушылық пен қылмыстың алдын алу мақсатында құқық қорғау органдарының қызметкерлерімен іс-шаралар, кездесулер, профилактикалық түсіндірме жұмыстары өткізілді.



Ақтөбе құрылыс-техникалық колледжінің әлеуметтік желілердегі белсенділігі

Жастар ісі жөніндегі комитеті жұмысы туралы негізгі ақпараттар төмендегі парақшада жарияланады.



2032 оқырман,
2685 жарияланған посттар

@aqt_k_aqtobe

ҰСЫНЫМДАР



СТУДЕНТ ЖАСТАРДЫ ҮНТАЛАНДЫРУ, ҚАРЖЫЛАНДЫРУ МЕХАНИЗМДЕРІН ЖАСАУ



БЕЛСЕНДІ СТУДЕНТТЕРГЕ АРНАЛҒАН ҚАЗАҚСТАННЫҢ КИЕЛІ ЖЕРЛЕРІНЕ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ ТУРЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖӘНЕ ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ



2024-2025 ОҚУ ЖЫЛЫНДА ВОЛОНТЕРЛЫҚ ЖОБАЛАРДЫ ҚАРҚЫНДЫ ТҮРДЕ ДАМУ



БЕЛСЕНДІ ЖАСТАРҒА АРНАЛҒАН АРНАЙЫ КОВОРКИНГ ОРТАЛЫҚТАРЫМЕН КАБИНЕТТЕРІН ДАЙЫНДАУ



СТУДЕНТТІК ӨЗІН ӨЗІ БАСҚАРУ ӨКІЛДЕРІНЕ АРНАЛҒАН АРНАЙЫ ШӘКІРТАҚЫ ТАҒАЙЫНДАУ

НАЗАРЛАРЫҢЫЗҒА РАҚМЕТ!